

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ



ПРАВИТЕЛЬСТВО
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 20 қыркүйектегі
№ ДС-308

Құрметті депутаттар!

Ауыл тұрғындарын қолдау мақсатында қолданыстағы бағдарламаларды реттеуге қатысты сіздер көтерген мәселелер мұқият талданды және Үкімет тарапынан қажетті шаралар қабылдануда.

Салалық бағыттар бойынша мемлекеттік органдар атқарып жатқан іс-шаралардың негізінде елімізде ауыл тұрғындарына қолдау көрсету мақсатында мемлекеттік реттеудің нақты бірыңғай тұтас жүйесі қалыптастырылды.

Қабылданып жатқан шаралар туралы толық ақпарат қосымша ұсынылып отыр.

Қосымша: 5 парақта.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Урбанизация мәселелеріне қатысты

Сіздер атап өткендей, Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша бүгінгі таңда республикада 6208 ауылдық елді мекен бар, онда 7,5 млн ауыл тұрғыны тұрады (*халықтың 38,2 %*), қала тұрғындарының үлесі 61,8% құрайды.

Талдау көрсеткендей, ауыл тұрғындарының саны соңғы 10-15 жыл ішінде бір деңгейде сақталып келеді. Мәселен, 2000 жылы ауыл халқының саны 6,47 млн болса, 2010 жылы – 7,43 млн, 2018 жылы – 7,67 млн, ал 2023 жылдың қорытындысы бойынша 7,57 млн адамды құрады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде 2023 жылдан бастап ауылды кешенді түрде дамыту үшін Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы іске асырылуда.

Сонымен қатар «Ауыл - ел бесігі» кешенді бағдарламасы қабылданды. Оның негізгі мақсаты - ауылда инфрақұрылымдық мәселелерді шешу, ауыл тұрғындарын тұрақтандыру, оларға қолайлы жағдай жасау және т.б.

Мәселен, 2019-2023 жылдары республикалық бюджеттен бағдарлама бойынша 1800 ауылда 5400-ден астам жобаны іске асыруға 524 млрд теңге жұмсалды. Нәтижесінде 578 тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, 1736 әлеуметтік нысан (*586 білім беру, 409 денсаулық сақтау, 741 мәдениет және спорт*) және 3000-нан астам ауылшілік жолдар салынды және жөнделді. 2024 жылы 500-ден астам ауылда 1400 жобаны іске асыру үшін республикалық бюджеттен 179 млрд теңге бөлінді.

Аталған мемлекеттік бағдарламалар және басқа да жобалар («Ауыл аманаты», «Дипломмен ауылға» т.б.) жалпы елдегі, соның ішінде ауылдық жерлердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсаруына тікелей әсерін тигізуде.

Ауыл тұрғындарының зейнетақысын көбейту мәселесіне қатысты

Елімізде зейнетақымен қамтамасыз ету Әлеуметтік кодекске сәйкес жүзеге асырылады. Зейнетақы үш бөліктен тұрады (*ынтымақты, жинақтаушы, базалық*) және әрбір азаматтың еңбек өтіліне негізделген.

Еңбек өтілі неғұрлым көп болса, зейнетақы мөлшері соғұрлым жоғары болады. Осылайша, зейнетақы төлемдерінің мөлшері зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі мен міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге тікелей байланысты. Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін анықтау кезінде азаматтардың тұрғылықты жері, қызмет түрі т.б. критерийлері ескерілмейді.

Бұл ұстаным конституциялық нормалар мен халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді.

Ауылдық тұрғын үй бағдарламасын әзірлеуге, қаладан ауылға көшіп келетіндер үшін жалға берілетін үй салу, үй жалдаған кезде субсидия беру мәселесіне қатысты

Қазіргі таңда Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы іске асырылуда.

Оның шеңберінде ауылдық жерлерде жеке үй салу ниетін білдірген ауыл тұрғындарына жаңа жер учаскелері бөлініп, беріледі. Аталған учаскелер мемлекет есебінен сумен, электр қуатымен және газбен жабдықталады.

Сонымен қатар ауыл тұрғындарын тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында ауылдық елді мекендерде өз жұмысшыларына үй салып берген жұмыс берушілерге субсидия *(аумағы 100 шаршы метрден аспайтын үй құнының 50% мөлшерінде)* төленеді.

Бұдан басқа, қоныс аударушылар мен қандастарды қабылдап жатқан өңірлерде үй сатып алу үшін экономикалық мобильділік сертификаты *(үй құнының 50%, бірақ 4 млн теңгеден аспайтын мөлшерде)* беріледі.

«Дипломмен ауылға» жобасы аясында ауылға тұруға және жұмыс істеуге келген мамандарға *(денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы және т.б.)* республикалық бюджет есебінен тұрғын үй сатып алуға 2500 АЕК-ге дейін *(аудан орталықтары үшін)* және 2000 АЕК-ке дейін *(ауылдық елді мекендер үшін)* жылдық 0,01% сыйақы мөлшерлемесімен 15 жылға дейін бюджеттік кредит беріледі.

Яғни бірқатар мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде ауылдық жерлерде тұрғын үй салуға барлық мүмкіндіктер қарастырылған және аталған жұмыс Үкімет тарапынан жасалған үлкен көмек деп есептейміз.

Ауыр жұмыс істейтіндер сияқты ауылдық жерлерде жұмыс істейтіндерге үстемеақы төлеуге қатысты

Ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу мөлшері ұжымдық шартта айқындалатын жоғары лауазымдық жалақыларды немесе қосымша ақыларды белгілеу жолымен айқындалады.

Бұл халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді және қалыпты еңбек жағдайлары бар жұмыстарда жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеумен салыстырғанда жоғарғы мөлшерде белгіленеді.

Ал ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін мамандарға қолданыстағы заңнамамен 25% «ауылдық» үстемеақы көзделген.

Ауылдық жерде жұмыс істейтін және азаматтық қызметшілер болып табылатын мамандар *(денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы)* лауазымдарының тізбесін жергілікті өкілетті органмен келісу арқылы жергілікті атқарушы орган айқындайды.

Бұл ретте ауылдық жерде жұмыс істейтін мамандардың 25%-ға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар белгілеудің мақсаты – ауылдық жерге сұранысқа ие мамандарды тарту.

Оған қоса 2022 жылы Үкімет қаулысымен¹ жергілікті атқарушы органдарға қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына жергілікті бюджет қаражаты есебінен ынталандыру үстемеақысын белгілеу құқығы берілді.

Қорытындылай келе, Үкімет тарапынан жасалып отырған бұл ауқымды шаралар жеткілікті деп пайымдаймыз.

Көпбалалы аналарға арналған жеңілдіктер бойынша преференциялар жүйесін қарастыру, отбасылық бизнес ашуға қатысты

¹ «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы

Бүгінгі күні елімізде балалы отбасыларды әлеуметтік қолдаудың кешенді жүйесі қалыптасты. Жүйе мемлекеттік жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу шараларын, салық жеңілдіктері мен т.б. қамтиды.

Қазіргі таңда 2,3 млн астам қазақстандық балалы отбасы әлеуметтік төлемдермен қамтылған (*республикалық бюджеттен берілетін жәрдемақылары және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан*). Аталған мақсаттар үшін ағымдағы жылы 1,5 трлн теңгеден астам қаражат (*оның ішінде республикалық бюджеттен 750,2 млрд теңге*) бөлінді.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес балалы отбасыларға тағайындалатын жәрдемақылар отбасының табысына қарамастан төленеді (*жүктілік пен босану бойынша әлеуметтік төлемді, бала туғанда, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша, мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналар, көп балалы отбасылар мен көп балалы аналарға арналған жәрдемақылар*).

Сондай-ақ көпбалалы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы отбасындағы балалар санына қарай төленеді (*4 баласы бар отбасыларға – 59183 теңге; 5 баласы бар – 73988 теңге; 6 баласы бар – 88793 теңге; 7 баласы бар – 103598 теңге; 8 және одан да көп балалары бар отбасыға – әр балаға 14768 теңгеден қосылады*).

Бұдан басқа бес және одан да көп баласы бар отбасылар (*2020 жылы – 8,4%, 2024 жылы – 9,8%*) үлесі мен наградталған аналар саны (*2020 жылы – 232320 адам, 2024 жылы – 237 636 адам*) соңғы 5 жылда өскен. Бұл қолданыстағы әлеуметтік қорғау жүйесінің және Үкімет тарапынан атқарылып жатқан шаралардың тиімділігін көрсетеді.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес наградталған көпбалалы аналар бірқатар салықтардан (*көлік салығы, жер салығы, мүлік салығы, нотариалдық және заңдық маңызы бар іс-әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж, тұрғылықты жерде тіркеу, төлқұжат және паспорт алу т.б. төлемдер*) босатылды.

Ал ауылда өз кәсібін ашуға (*наубайхана, ателье, шапшараз, дөңгелек жөндеу, шағын отбасылық ферма т.б.*) келетін болсақ, «Ауыл аманаты» жобасы үлкен септігін тигізуде. 2023 жылы 95,6 млрд теңге көлемінде 15 мыңнан астам ауыл тұрғындарына төмен пайызбен (*2,5%*) шағын несие берілді, бұл өз кезегінде отбасылық бизнес ашуға, ауыл шаруашылығы техникасы мен мал алуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде ауылда 16400-ден астам жаңа жұмыс орны ашылып, жоба өз тиімділігін көрсетті. Бұл жұмыс жүйелі түрде 2024 жылы да жалғасын табуда.

Сонымен қатар ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бірқатар мемлекеттік бағдарламалар бағытталған - «Ауыл ел бесігі», шағын және орта бизнесті қолдау, «Бір ауыл - бір өнім», ауыл шаруашылығы саласына қарастырылған субсидиялар, ауыл шаруашылығы техникасын лизингке беру, жастарға арналған жеңілдетілген кредит, әлеуметтік жағынан осал азаматтарға арналған қайтарымсыз грант, «Дипломмен ауылға» және т.б.

Үкімет мүшелері бұл бағдарламалардың мүмкіндіктерін өңірлерде халықпен кездесу барысында кеңінен насихаттауда.

Аталған мемлекеттік бағдарламалар ауылдағы жағдайдың едәуір жақсаруына тікелей әсерін тигізуде.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша берілетін біржолғы жәрдемақы мен ең жоғары кредит мөлшерін индекстеуге қатысты

«Дипломмен ауылға» жобасы (бұдан әрі - Жоба) бойынша ауылға жұмыс істеуге және тұруға келген мамандарға 100 АЕК мөлшерінде жергілікті бюджет есебінен көтерме жәрдемақы беріледі.

Аталған көтерме жәрдемақы жыл сайын арттырылып тұрады (2023 жылы - 345 мың теңге, 2024 жылы - 369 мың теңге, 2025 жылы - 393 мың теңге).

Тұрғын үй сатып алуға арналған бюджеттік кредит мөлшерлемесіне қатысты Ұлттық экономика министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп тұрғын үй құнына талдау жүргізді.

Нәтижесінде, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап оның мөлшері 5,2 млн теңгеден (1500 АЕК-тен) 9,2 млн теңге дейін (2 500 АЕК-ке) ұлғайтылды, яғни 1,8 есеге артты.

Жалпы бұл жоба өз тиімділігін көрсетіп отыр. 2009-2023 жылдар аралығында ауылдық жерлерде 105 мыңнан астам маман көтерме жәрдемақы алды (20,3 млрд теңге сомасына), оның ішінде 48 мыңнан астамы тұрғын үй сатып алды (160,4 млрд теңге сомасына).

Бұл Үкімет тарапынан атқарған жүйелі жұмыстың нәтижесі деп есептейміз.

Ауыл шаруашылығы саласында мамандар даярлап, дуальді білім берудің ауқымын кеңейтуге қатысты

Колледждердің кәсіпорындармен әріптестігін күшейту, дуальді оқытуды енгізу - техникалық және кәсіптік білімді дамытудың негізгі бағыттарының бірі.

Анықтама: 2023-2024 оқу жылында республикада дуальді оқыту 9100 кәсіпорынның қатысуымен 551 колледжде енгізілді, мемлекеттік тапсырыс бойынша 91021 адам қамтылды. Дуальді оқыту аясында кәсіпорындар студенттердің тәжірибесіне ақы төлейді және түлектерді жұмысқа орналастырады. Бұл ретте Еңбек кодексіне сәйкес студенттердің практика кезеңі олардың еңбек өтіліне (6 айдан 1,5 жылға дейін) кіреді.

Үкімет кадрларды даярлау сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік органдармен, әкімдіктермен және тәуелсіз сарапшылармен бірлесіп, аталған жүйеге талдау және колледждерге түгендеу жүргізді.

Қорытындысы бойынша бұл саланы дамытудың басым бағыттары, соның ішінде қаржыландырудың тиімділігін арттыру тетіктері айқындалды.

Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында техникалық және кәсіптік білімді трансформациялаудың жол картасы әзірленуде. Жоспарланған шаралар шеңберінде колледждердің халықаралық салалық кәсіптік қауымдастықтардың талаптарына сәйкестігін бағалау рәсімінен өтуіне баса назар аударылады.

Анықтама: бүгінгі таңда бірқатар колледждер OPITO (Шотландия), ABET, NCCER (АҚШ) және т. б. халықаралық салалық стандарттардың талаптарын ескере отырып, дайындықты жүзеге асырады, сондай-ақ 70 елде танылған ВТЕС (бизнес және технологиялық даму кеңесі) стандартын қолдану мәселесі пысықталады.

Қазіргі уақытта жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативінің жаңа әдістемесі әзірленді, оны қазіргі таңда Қаржы министрлігі пысықтауда. Онда колледждерде дуальді оқытудың сапасына ерекше назар аударылды.

Сондай-ақ Оқу-ағарту министрлігі Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен, Қазақстан Машинажасаушылар одағымен бірлесіп, техникалық және кәсіптік білімді кадрларды даярлаудың 2024-2025 жылдарға арналған жол картасын бекітті.

Жол картасына сәйкес 2025 жылдың маусымына дейін дуальді оқыту бойынша пилоттық жоба іске асырылады (*Қостанай автомобиль көлігі колледжі мен «Allur», «KamLitKZ» кәсіпорындары; Көкшетау жоғары техникалық колледжі мен «Тыныс» кәсіпорны; Б. Әшімов атындағы машина жасау және көлік колледжі мен Петропавл қаласының «Class» кәсіпорны базаларында*).

Пилоттық жоба шеңберінде білім беру бағдарламалары мен кәсіптік стандарттарды жаңарту (*қамқорлықты ұйымдастыру және колледждерді заманауи жабдықтармен жарақтандыру, өндірістен мамандарды тарту, түлектер үшін машинажасау саласы бойынша біліктілікті тану орталығын құру, дуалды оқытуды тиімді іске асыру үшін ұсыныстар әзірлеу*) жоспарлануда.

Осылайша, жұмыс берушілерді тарту арқылы техникалық және кәсіптік білім саласын қаржыландыру тетіктері қайта қаралатын болады.

Қорытындылай келе, Үкімет аталған бағытта жүйелі түрде жұмыс атқаруда.

Өңірлерді дамыту бағдарламаларының мониторингін жобалық басқару шеңберінде жүргізу жөнінде

Өңірлерді дамыту бағдарламаларына мониторингті салалық бағыттар бойынша мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Ал Ұлттық экономика министрлігі аталған жұмысты жүйелеп, саралап, үйлестіреді және бекіткен нұсқаулыққа сәйкес жыл сайынғы негізде жүргізеді.

Жоғарыда аталған шаралар Үкімет пен мемлекеттік органдардың бақылауында.